

Айағóz

жапалықтары

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ
4 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 17 (11015)

25 сáуір 2026 жыл

E-mail: ayagoz.zhanalyktary@gmail.com



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚ - ОРТАҚ КӨЗҚАРАС» ӨНІРЛІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті мемлекеттер басшылары, үкімет жетекшілері! Қадірлі қатысушылар! Ханындар мен мырзалар!

Сіздерді Өңірлік экологиялық саммит төрінде қарсы алу мен үшін зор мәртебе. Осы жиында Орталық Азия мен Кавказ мемлекеттерінің басшыларын көргеніме қуаныштымын.

Құрметті әріптестер, Сіздерге зор алғыс айтамын.

БҰҰ-мен ынтымақтастық аясында өтіп жатқан форумға Сіздердің қатысуларыңыз іс-шараның мән-маңызын арттыра түседі.

Шын мәнінде, бүгін – Жер күні. Осы орайда планетамызды қорғауға жауапкершілікпен қарайтындығымызды тағы да бір мәлімдеу үшін бас қосып отырмыз. Орнықты даму үшін ортақ көзқарас қалыптастыру – өзекті әрі аса маңызды. Мұны өңір елдері терең түсінді.

Қазіргі экология тек климат мәселесімен шектелмейді. Бұл – адамзат тіршілігінің түп негізі. Яғни әңгіме таза ауа мен сапалы суға, бүлінбеген топырақ пен сенімді азық-түлік жүйесіне, қоғамның тұрақтылығына және ұрпақтың

келешегіне қатысты болып отыр. Жалпы ақыл-ойдың тұнықтығы, қоғамдағы үйлесім мен адами бақыт та осыған саяды.

Ал экология дегеніміз – Жер бетіндегі тіршілікке жауапкершілікпен қарайтын саналы өмір салты.

Сондықтан бүгінгі саммит дер кезінде ұйымдастырылып отыр.

Бауырлас елдердің көшбасшыларына – Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровқа, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонға, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке, елімізге мемлекеттік сапармен келген Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухке, бүгін туған күнін атап өтіп жатқан Армения Президенті Ваагн Хачатурянға, Грузия Президенті Михаил Кавелашвилиге, сонымен қатар Ресейден, Өзербайжаннан, Беларусьтен, Сербиядан, Пәкістаннан және басқа да көптеген мемлекеттен келген жоғары мәртебелі меймандарға форумға қатысқаны үшін алғыс айтамын.

Біріккен Ұлттар Ұйымы агенттіктерінің, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі конвенцияның,

қаржы мекемелерінің, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары мен өкілдерін және өзге де халықаралық серіктестерімізді, сарапшыларды, ғалымдарды, академиялық қауымды осы алаңда көргеніме қуаныштымын.

Сондай-ақ ұйымдастырушыларға, еріктілерге, техникалық және логистикалық топқа, саммиттің өтуіне аянбай атсалысқан барша азаматқа ризашылық білдіремін.

Құрметті қатысушылар!

Біз беталысы беймәлім аумағы-төкпелі кезеңде жүздесіп отырмыз.

Мұның зардабы өңірлік және жаһандық тұрақтылыққа, миллиондаған адамның тұрмыс сапасына қаншалықты ауыр тиіп жатқанын егжей-тегжейлі айтудың қажеті жоқ.

Соның салдарынан даму жолындағы күш-жігер, күрмеуі қиын экологиялық проблемаларға жұмсалуда тиіс ресурстар зая кетіп жатыр.

Бұл ретте халықаралық қоғамдастық ерекше рөл атқарады. Сексен жыл бұрын құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы әлі күнге баламасы жоқ, әмбебап диалог алаңы екені сөзсіз. Алайда одан бері әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Жасанды интеллект бүкіл адамзат санасын жаулап, күнделікті өмірге дендеп енді.

Халықаралық құқықтың негізі саналатын БҰҰ Жарғысының бұлжымас беріктігі туралы жиі айтылады. Әйтсе де, ол – қалауына қарай тапсырыспен алдыратын жеңіс ас емес.

Керісінше, БҰҰ Жарғысын біртұтас, жан-жақты құжат ретінде қабылдау керек. Оның ережелері

дәл сол қалпында танылып, мүлтіксіз сақталуға тиіс.

Сол себепті БҰҰ және басқа да ірі халықаралық ұйымдар ауқымы мен сипаты жағынан бұрын-соңды болмаған әрі болжауы қиын өзгерістер дәуіріне қадам басқан қазіргі әлемнің ақиқатын қаперге алғаны жөн. Біз БҰҰ Жарғысындағы қағидаттарды халықаралық қарулы қақтығыстарға қатысты өз ыңғайымызға қарай қолданудан аулақ болуымыз қажет. Сонымен қатар көпжақты институттарға деген сенімге селкеу түспеуі керек. Дегенмен маңызды халықаралық мәселелерді шешуге олардың абырой-беделі жетпей жатқаны өкінішті.

Менің ойымша, экология мәселесінде таңдаулыларға басымдық беру өбесті.

Көп жағдайда экологиялық күн тәртібін әзірлеу немесе қалыптастыру барысында түрлі аймақтар мен елдердің, әсіресе, экономикалық өлеуетін нығайтуға ден қойған дамушы мемлекеттердің қажеттіліктері мүлдем ескерілмейді.

Алайда дамыған елдер қазіргі экологиялық стандарттарға индустрияландырудың ұзаққа созылған үдерісінің нәтижесінде жеткенін естен шығармайық. Сондықтан жаһандық экологиялық модельге көшу үрдісі әділ, теңгерімді және ынталандырушы сипатта өрбуге тиіс.

Баршамыз ақылға қонымды, мұқият ойластырылған прагматикалық тәсілге жүгінуіміз керек. Сонда ғана мемлекеттер орнықты даму қағидаттарына сай алға жылжып, өзінің экономикалық өсімі мен прогресіне қауіп төндірмейді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық бізді бөлмей, керісінше бір мақсатқа

біріктіруге тиіс. Ол серіктестікке, өзара сенім мен жауапкершілікке негізделуі керек. Ешкім бір-бірін жария түрде айыптамауы, өзгеден мін іздемеуі қажет.

Бейбітшілік пен орнықты дамуға мүдделі серіктестер ретінде жауапкершілікті сезініп, нақты әрекет еткеніміз дұрыс.

Құрметті қатысушылар!

Табиғат геосаясатсыз тіршілік ете береді, ал геосаясаттың табиғатсыз күні қараң.

Елдеріміз тұтас экожүйеде өмір сүреді. Өзен-көлдер де, табиғи ландшафттар да, климаттың қауіп-қатерлері де баршамызға ортақ. Ең бастысы, жауапкершілікті теңдей бөлісеміз.

Орталық Азия мен көршілес аймақтар ұқсас экологиялық сын-қатерлерге тап келді. Атап айтқанда:

- су тапшылығы мен су ресурстарын тиімсіз басқару;
- шөлейттену;
- мұздықтардың еруі;
- ауаның ластануы;
- биоалуантүрліліктің жойылу қаупі.

Мен ең негізгі сын-қатерлер мен проблемалардың мәнін ашып, әдейі түстеп отырмын. Өйткені күш жұмылдыру арқылы аталған мәселелерді шешуде оң нәтижеге жетеміз. Бұған көміл сенемін.

Жетістіктерге тоқмелісіп отыратын заман өтті, шешім қабылдайтын уақыт келді.

Қазақстан экологиялық жауапкершілік мәселесіне заңнамалық деңгейде айрықша мән береді.

Жаңа Конституциямызда қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік саясат пен азаматтық жауапкершіліктің негізгі қағидаттарының бірі ретінде айқындалды.

Жалғасы 2-бетте

АБАЙ ОБЛЫСЫНДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІСКЕ АСУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының өңірде іске асырылу барысы талқыланды. Бұл туралы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Теміржанов баяндады.

Мемлекет басшысының бастамасымен 2024 жылдан бері «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы іске асырылып келеді. Абай облысы бойынша 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 44 іс-шарадан тұратын іс-қимыл жоспары бекітілді. Аталған жоспар аясында 2026 жылға 32 іс-шара көзделген.

Биылғы жылдың 3 сәуір мен 31 мамыр аралығында елді мекендерді тазалау, абаттандыру және көгалдандыру бойынша санитарлық-экологиялық екі айлық өткізілуде. Осы кезеңде өткізілген сенбіліктерге 29 643 тұрғын, 2040 ұйым және 461 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 12 218 аула, 97 саябақ пен сквер және 57 ескерткіштің аумағы тазартылып, полигондарға 2897 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылды. Сонымен қатар, 71 су айдыны, 3771 метр арық және 3 субұрқақ тазартылды. Көгалдандыру жұмыстары аясында биыл 67 мың ағаш отырғызу жоспарланған.

Сонымен бірге, 240 гектар аумақты қамтитын автомобиль жолдарының бойында орман жолақтарын отырғызу жұмыстары жүргізілуде. Цифрлық сервистерді қолдану арқылы да тиісті жұмыс жүргізілуде. Қоғамдық тәртіп пен санитарлық тазалықты сақтау мақсатында 4171 өкімшілік хаттама толтырылып, жалпы сомасы 9,1 млн теңге айыппұл салынды.



Аймақ басшысы қала және аудан әкімдеріне санитарлық-экологиялық екі айлық аясында тазалық жұмыстарын сапалы ұйымдастырып, тұрақты түрде бақылауды, отырғызылған жасыл желектердің күтімін ерекше назарда ұстауды тапсырды.

«Өткен жылы «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы іс-шараларды жүзеге асыру барысында бірқатар кемшіліктер орын алды. Атап айтқанда, қоқысты уақтылы шығару мәселесі өзекті болды. Мұндай жағдайлар биыл қайталанбауы тиіс. Сонымен қатар, сенбіліктерді ұйымдастыру кезінде барлық деңгейдегі басшылардың міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету керек. Кейбір кәсіпорындар мен кәсіпкерлік нысандар жұмыстарының сенбіліктерге белсенді қатыспай отырғаны да назар аударуды талап етеді. Осыған орай, тұрғындар арасында кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, әр азаматтың өз ауласының тазалығына жауапкершілікпен қарауын және сенбіліктерге белсенді қатысуын қамтамасыз ету маңызды», – деді Берік Уәли.

Думан Кенжеғазыұлы

АҚШӘУЛІДЕ 1000 ТҮП АЛМА КӨШЕТТЕРІ ЕГІЛУДЕ

«Елімізді абаттандыру және көгалдандыру – үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бір реттік науқан емес, жалпыұлттық міндет. Мұндай жұмыс үнемі жүргізілуі керек.

Біз Қазақстанға қамқорлық жауапкершілікпен қарайтын азаматтарды тәрбиелеу мақсатында бұл іс-шараның маңызын арттыра түседі. Мұны өңір елдері терең түсінді.

Мемлекет басшысының бастамасымен 2024 жылдан бері «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы іске асырылып келеді. Абай облысы бойынша 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 44 іс-шарадан тұратын іс-қимыл жоспары бекітілді. Аталған жоспар аясында 2026 жылға 32 іс-шара көзделген.

Биылғы жылдың 3 сәуір мен 31 мамыр аралығында елді мекендерді тазалау, абаттандыру және көгалдандыру бойынша санитарлық-экологиялық екі айлық өткізілуде. Осы кезеңде өткізілген сенбіліктерге 29 643 тұрғын, 2040 ұйым және 461 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 12 218 аула, 97 саябақ пен сквер және 57 ескерткіштің аумағы тазартылып, полигондарға 2897 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылды. Сонымен қатар, 71 су айдыны, 3771 метр арық және 3 субұрқақ тазартылды. Көгалдандыру жұмыстары аясында биыл 67 мың ағаш отырғызу жоспарланған.

Сонымен бірге, 240 гектар аумақты қамтитын автомобиль жолдарының бойында орман жолақтарын отырғызу жұмыстары жүргізілуде. Цифрлық сервистерді қолдану арқылы да тиісті жұмыс жүргізілуде. Қоғамдық тәртіп пен санитарлық тазалықты сақтау мақсатында 4171 өкімшілік хаттама толтырылып, жалпы сомасы 9,1 млн теңге айыппұл салынды.

Сонымен бірге, 240 гектар аумақты қамтитын автомобиль жолдарының бойында орман жолақтарын отырғызу жұмыстары жүргізілуде. Цифрлық сервистерді қолдану арқылы да тиісті жұмыс жүргізілуде. Қоғамдық тәртіп пен санитарлық тазалықты сақтау мақсатында 4171 өкімшілік хаттама толтырылып, жалпы сомасы 9,1 млн теңге айыппұл салынды.



экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған маңызды қадамды қуаттайтынын жеткізді. Жасөскін көшеттерді егу жұмыстарына қатысты.

Сонау кеңес өкіметі кезінен керемет алма бағымен аты шыққан Ақшәулінің ұзақ жылдар қараусыз қалған қайталанбас байлығын қалпына келтірсе деген ізгі арманын ойға асыруды мақсат тұтқан шаруа қожалығына мемлекет тарапынан өткен жылы грант берілген екен. Бұл келешек игілігін мұрат еткен азаматқа зор қолдау.

Құрметті оқырман газетіміздің алдағы сандарында біздің редакция ұжымы бірнеше ауылдық округтерге арнайы барып өңірлердің тыныс-тіршілігі жөнінде ақпарат тарататын боламыз. Сол уақытта егілген жасөскіндер мен алма бағының да жай жапсарынан кең көлемді ақпарат береміз деген ойдамыз.

Самал Серікқазиева

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚ - ОРТАҚ КӨЗҚАРАС» ӨҢІРЛІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Аяқталуы. Басталуы 1-бетте

Яғни, біз үшін экологиялық қауіпсіздік пен өсіп-өркендеу жай ғана мәселе емес. Ол ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі және ұзақмерзімді даму стратегиясының арқауы ретінде қарастырылады.

Қазақстан:
– экологиялық таза энергия өндірісіне көшу;
– биоалуантүрлілікті қорғау;
– тозған жерлерді қалпына келтіру;
– су ресурстарын басқару жүйелерін жетілдіру;
– су үнемдеу саясатын енгізу;
– қоршаған ортаны қорғау саласындағы өңірлік ынтымақтастықты нығайту бағыттарындағы шараларды қолға алды.

Әлбетте, ешбір ел жалғыз жортып, табысқа жете алмайды. Сондықтан аймақтық және жаһандық деңгейде күш жұмылдыруға баса мән береміз.

Біз аталған міндетті нақты іс, жаңа технологияларды игеру және тұрақты дамуға ұзақмерзімді инвестиция салу арқылы орындаймыз.

Әділ және теңқұқылы энергетикалық модельге көшу негізгі басымдық саналады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда электр қуатының 7 пайыздан астамы жаңартылатын энергия көздерінен алынады. 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 15 пайыздан асыруды жоспарлап отырмыз.

Біз мұнай-газ қоры мол мемлекеттердің қатарына кіреміз. Соған қарамастан, еліміз орнықты энергетика мақсаттарынан айнымайды.

Әлемдік уран экспортының шамамен 40 пайызын қамтамасыз ететін Қазақстан көміртексіз

электр энергетикасын дамытуды құптайды.

Бүгінде алғашқы атом электр станциясының жобасын пысықтап жатырмыз. Сонымен қатар «Таза көмір» технологиясы негізінде жылу электр станцияларын жаңғыртуды қолға алдық.

Осылайша, ірі энергетикалық нысандардан ауаға тарайтын зиянды шығарындарды 35 пайызға азайтамыз.

Су қауіпсіздігі – Қазақстан ғана емес, бүкіл Орталық Азия үшін аса маңызды мәселе. Болашағымыз тіршілік нәріні қаншалықты ұтымды әрі әділ пайдалана алатынымызға байланысты.

Арал теңізі салғырттықтың салдары қандай қасіретке әкеліп соғатынын еске салып тұрады. Сондай-ақ ол батыл әрі ғылыми негізі бар жүйелі шаралардың арқасында қандай нәтижеге жетуге болатынын көрсетеді.

Бүгінгі таңда Солтүстік Аралдың 36 пайызға жуығы қайта қалпына келтірілді. Судың сапасы жақсарып, балық қоры молайды, маңайдағы елді мекендердің тұрмыс-тіршілігіне қан жүгірді.

Бүгін Халықаралық Аралды құтқару қорының жоғары деңгейдегі кезекті отырысын өткіземіз. Жиын барысында әріптестерімізбен бірге Қазақстанның осы ұйымға үш жылдық төрағалығын қорытындылаймыз.

Сонымен қатар еліміз Каспий теңізінің тағдырына да алаңдайды. Теңіз айдынын қорғау – аймақта экологиялық тепе-теңдік пен биоалуантүрлілікті сақтау, орнықты дамуды қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша маңызды.

Осы орайда Қазақстан Каспий теңізінің тартылуына жол бермеу үшін мемлекетаралық бағдарлама қабылдау жөнінде бастама көтер-

ді, Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институтын құруға ұйытқы болды. Аталған мекеме өңірлік деңгейдегі ғылыми ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

Барша мүдделі халықаралық тараптарды табиғаттың осынау асыл қазынасын сақтау жолында күш-жігер біріктіруге шақырамыз.

Каспий маңында қарулы күштердің қолданылуына жол беруге болмайды. Оған қатаң тыйым салынуға тиіс.

Өңірлік деңгейдегі бастамалардан бөлек, біз су ресурстары саласында жаһандық ықпалдастықты кеңейтуге басымдық береміз.

Бытыр желтоқсан айында Ашхабадта БҰҰ агенттігі ретінде қызмет ететін Халықаралық су ұйымын құру жөнінде ұсыныс жасады.

Аталған бастама өте өзекті. Өйткені қазіргі кезде БҰҰ жаһандық басқарудың бірізділігі мен тиімділігін арттыру үшін мыңдаған мандатты қайта саралап жатыр.

Бүгінгі саммит аясында бұл ұсынысқа қатысты халықаралық консультациялардың бірінші кезеңі өтетініне қуаныштымын.

Биоалуантүрлілікті сақтау – экологиялық саясатымыздың негізгі бағыттарының бірі. Табанды еңбек нәтиже берді. Жойылу қаупі төнген ақбөкендер қайта көбейді. Қазақстандағы қар барысының саны екі есе ұлғайып, 190-ға жетті.

Халықаралық серіктестермен бірлесіп, басқа да сирек кездесетін жан-жануарлардың, атап айтқанда, сұңқарлардың, Тұран жолбарысының және Пржевальский жылқысының популяциясын қалпына келтіруге кірістік.

Орман алқаптарын ұлғайту Қазақстанның экологиялық күн тәртібіндегі басым міндеттерінің біріне айналды. Соңғы бес жылда бір

миллион гектардан аса аумаққа 1,5 миллиардтан астам ағаш ектік. Соның ішінде шөлейттену үдерісін бәсеңдету мақсатында өзбек мамандарымен бірге Арал теңізінің табанына сексеуіл отырғыза бастадық.

Қазақстан барлық серіктестерін Сирек кездесетін жан-жануарлар түрлері мен биоалуантүрлілікті сақтау халықаралық қорына мүше болуға шақырады. Мемлекетаралық ынтымақтастық алаңында ғылыми зерттеулер жүргізіліп, экожүйелерді қорғаудың тиімді шешімдері әзірленеді.

Бұдан бөлек, біз «Таза Қазақстан» жалпыұлттық қозғалысына бастамашы болдық. Халықтық сипат алған науқанның мақсаты – экологиялық сана қалыптастыру, азаматтық жауапкершілікті арттыру.

Қозғалысқа миллиондаған ерікті қосылды. Менің ойымша, олар – Қазақстанның нағыз патриоттары. Өйткені дәл осылай еңбек етіп, ортақ мүддеге үлес қосу – елінің келешегін ойлайтын азаматтардың ғана қолынан келетін ізгі іс.

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен Биыл Халықаралық еріктілер жылы деп жарияланды. Тұрақты даму мүддесіне сай келетін бұл бастаманы толық қолдаймыз.

Еліміздің жаңа Ата заңында волонтерлік қызметке айрықша мән беріліп, оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетіні нақты жазылған.

Биыл – Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы.

Жасанды интеллект көмегімен экологиялық мәселелерді оңтайлы шешу мүмкін емес екені анық. Аталған технология табиғи ресурстарды қорғау, экологиялық басқаруды жетілдіру ісінде мол

мүмкіндікке жол ашады. Сондықтан біз Аймақтық цифрлық экожүйе құру бастамасын қолдауға әзірміз.

Құрметті қонақтар!

Жер шарын қорғау – ортақ міндетіміз. Бүгінгі саммит бізге осыны көрсетеді.

Таразы басында адамзаттың, ең алдымен, өскелең ұрпақтың болашағы тұр.

Бұл – жай ғана экологиялық мақсат емес, керісінше, адами парыз, экономикалық қажеттілік, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мақсатындағы стратегиялық басымдық.

Осы орайда орнықты келешек қалыптастыруда мынадай негізгі қағидаттарға арқа сүйеген жөн:

- халқымыз бен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік;
- шекара мен шектеуге бөлінбейтін ынтымақтастық;
- ресурстарға, технологиялар мен мүмкіндіктерге теңдей қол жеткізетін әділеттілік;
- нәтижесіз кезге көрінетін нақты шаралар;
- ауқымы мен даму деңгейіне қарамастан елдер арасындағы бірлік.

Саммит барысында Орталық Азиядағы экологиялық ынтымақтастық жөніндегі Астана декларациясы және бірқатар маңызды келісім қабылданады. Бұл біздің аталған қағидаттарды берік ұстанатынымызды және аймақтық экологиялық серіктестікті нығайтуға қадам басқанымызды дәлелдейді.

Бүгінгі талқылаулардың мазмұнды әрі бірлескен нақты бастамаларға негіз болатынына сенімдімін. Осылайша, халықтарымыздың игілігіне қызмет ететін баянды болашақтың іргесін қалаймыз. Жиын жұмысына табыс тілеймін!

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

"Аягөз жаңалықтары" газетінің жарық көргеніне 30 жыл болуына байланысты орталық кітапханада осы мерейлі мерекеге қатысу бар ауданымыздың бір топ қаламгерлермен кездесу өткізілді. Кездесуге аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Жақұпбаева Айжан қатысып отырды. Кездесуді осы шараның ұйымдастырушысы кітапхана қызметкері Базарбекова Бота жүргізді. Жас зерттеуші №5 мектеп оқушысы Айжан Сағынғали газет редакциясының тарихымен таныстырып өтті. Оның әрбір сөзінен туған ел тарихына деген ынтызарлық лебі есіп тұрғандай болды.

Бұдан әрі, жүргізуші өз сөзінде бүгінгі газет редакторының өз басының халық алдында беделді өнер иесі екендігіне тоқтала кетті. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, аудандық Мәслихат депутаты Ермек Тұрсынұлы Халықаралық "Шабыт" фестивалінің жүлдегері және көптеген жыр мүшәйраларының жеңімпазы танымал ақын екендігіне тоқталды. Жиналғандарға қызықты болуы үшін қаламыздағы №5 мектеп оқушылары (жетекшісі Аманғайша Джуматаева) бастаған өнерпаз оқушылар ақынның жырларын жатқа оқыды. Домбыра үйірмесінің домбырашылары Нұрай мен Айзере "күй-тартыс" өткізді. Кәусар

Мәжитқызы орындаған Алтынбек Қоразбаевтың ана туралы әні көпшілік көңілінен шықты. Айзере Рыспектің орындауындағы күйді де көрермен жылы қабылдады. Кездесу барысында газетіміздің бүгінгі директор-Бас редакторы Ермек Тұрсынұлы сөз алып газеттің бүгінгі оқырмандармен байланысы жайлы, ел арасындағы оқырмандардың тарихи, әдеби мақалаларға қызығушылығының артып отырғанын тілге тиек етті. Газеттің болашақ жоспарымен таныстырып өтті.

Бұдан әрі, сөз алған белгілі қаламгер Марат Жұмабаев газеттің "Аягөз жаңалықтары" болып құрылып, алғашқы сандарының шығуы жайлы сыр шертті. "Осынау бір аласапыран шақтағы газеттің тарап кетпей, қайта өмірге келуіне ауданның сол кездегі басшылықта отырған азаматтарының бастамашылығы демеу болды. Шыныда да, көптеген аудандық газеттер тарап, баспасөздің басына бұлт үйіріліп тұрған кезең, 1995-96 жылдар еді", - дей келе, "бұл кезеңнен де сәтті өткен газет облыстағы ордалы басылымдардың көш басында отыр", - деп сөзін түйіндеді.

Қаламгер Алдаберген Рахметоллаұлы да газет тарихынан сыр шертіп бала кезінен "Алға" газеті болып тұрған кезінен оқырман екендігін айтты. Өзінің алғашқы жазған өлеңдер мен мақалаларының тұсауын осы газет кескендігін еске алды. Алдабергеннің де өлеңдері оқылды. Осы бір мерекеге сәйкестіріліп оның сазгер ретінде жазған "Тағдырым менің" атты ән-жинағының тұсаукесері болды. Соңында сазгер Алдаберген өзінің "Тұман" күйін орындады. Кездесу соңында қаламгерлерге сыйсияпат көрсетілді. Бүгінгі кездесу шын мәнінде, тәрбиелік мәні зор, тағлымды кездесу болды.

Мекеш Назерке,
аудандық кітапхана қызметкері

"WELCOME TO DISNEYLAND" МӘНЕРЛЕП ОҚУ ЖӘНЕ САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМ САЙЫСЫ

16 сәуір күні

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы «Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге асыру, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру және кітап оқитын ұлт қалыптастыру мақсатында «Балалар кітапханасы: жас ұрпақтың тұлғалық дамуына үлес қосатын орта» тақырыбында мектеп кітапханашылары мен педагогтерге арналған вебинар ұйымдастырылды.

Іс-шараға 100-ге жуық маман қатысты.

Вебинар барысында білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған келешек мектептердің әлеуметтік жобалары таныстырылды. Қазіргі таңда облыстағы 5 келешек мектебінде «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 10 жуық мектепшілік жоба жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, ҚР Оқу-ағарту министрлігі үздік әлеуметтік жобалар қатарына енгізген Жарма және Аягөз аудандарының авторлық жобалары негі-



зінде тәжірибе таратылды.

Іс-шара барысында төмендегі спикерлер өз тәжірибелерімен бөлісті:

- Исаева Салтанат Таттимбетовна – Аягөз ауданы білім бөлімінің кітапхана ісіне жауапты әдіскері;

- Сабырбекова Толқын Тәңірбергеновна – Аягөз ауданы «№11 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ кітапханашысы;

- Жунусова Нұргүл Өміртаевна – Аягөз ауданы «Қалалық көпбейінді қазақ мектеп-гимназиясы» КММ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Вебинар - оқуға құштар ұрпақты қалыптастыруға бағытталған жаңа бастамаларға серпін беріп, тиімді тәжірибе алмасу алаңына айналды.



ЕР ЕЛІМ ДЕП ТУАДЫ

Отан қорғаушылар күні қарсаңында орта мектептің оқушыларына арнап әскери бөлімде «Ашық есік» күні өтті.

Аталған іс-шараға 10 мектептен 350-ге жуық оқушы мен АӘЖТД пән мұғалімдері қатысты.

Кездесу барысында әскери бөлім өкілдері мен қорғаныс істері бөлімінің мамандары сөз сөйлеп, оқушыларға сәттілік тіледі.

Қай кезеңде де өскелең ұрпақтың Отанына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу мәселелері маңызды мәнге ие. Жастарды патриоттыққа тәрбиелеу кемел келешекке жол. Әскери өмірдің қыр сыры мен сарбаздардың өмір салтынан сабақ берген мұндай тағлымды зор шаралардың берері мол. Ер бала елім деп туып, жұртым деп өмір сүретін қуатты мемлекет болайық.

Отбасымыз даудан, Отанымыз жаудан аман болсын.

Самал Серікқазиева



НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫ ШАҚАНТАЙ

Аяқталуы. Басталуы № 15

III

Ат кетті, ас қызығы жалғасуда,
Қун ыстық, қымызбен жұрт шөл басуда.
Секілді бала бүркіт тұғырдағы,
Шақантай жалғыз отыр дөң басында.
Жалғызды деп ойлайды кім аңдамақ,
Бәйгеден аты келсе ұрандамақ.
Түлкінің күшігіне түсетіндей,
Түйіліп, түксиеді қыран қабақ.
Сездіріп ішінде бір ашу барын,
Жанары жалтылдайды шашып жалын.
Жақсылық нышанына жорып отыр
Бәйгеге қос күреңнің қосылғанын.
Тіреліп қос күреңге арман-үміт,
Аллаға сиынады жалбарынып.
Кім білсін, бағы жанып, аты келсе,
Алдынан жол ашылар қақ жарылып.
Бұл астың кім жоқ дейсін ортасында,
Мәйегі сары майдың тортасында.
Жақсылар теңселеді балпаң басып,
Байлық пен батырлықтың арқасында.
Қаптаған қарасы бар, төресі бар,
Әркімнің шығатын өз төбесі бар.
Бәйгеге тулақ емес, тұлпар қосқан,
Олжадан бәрінің де дәмесі бар.
Таянды ат келетін мезгіл-дағы,
Тігілді солай қарай кезді бәрі.
Дүрлікті жиналған жұрт дөң басында,
Жүйрік боп барлығының сөз қылғаны.
Таусылып тұрған шақта ел шыдамы,
Бұрқ етіп, будақ-будақ шаң шұбады.
Біреулер: «Әне, келе жатыр!» – десті,
Шошайып қолындағы қамшылары.
Табаны қызған сайын шабатұғын,
Түрі жоқ тұлпарлардың талатұғын.
Қос күрең қосауыздың оғындай боп,
Атылып алға шыққан болатұғын.
Суырылып шыққан бір топ шуу дегенде,
Зулаған бір белеңнен бір белеңге.
Ашылып тыныстары сала берген,
Жел тұрып ағынынан гүлегенде.
Шұбатып қалың топты артындағы,
Таласып, қатарласып қарқындады.
Малынып ақ көбікке құлысқаны,
Серпіле созылғанда сартылдады.
Санлақтар сан бәйгеде дара келген,
Жүйткіді құстай ұшып қара жермен.
Қос күрең ұмтылғанда алға қарай,
Шетінен бір ышқынып қала берген.
Рас-ау «Жүйрік, – деген,

– жылқы желден»,

Шалынды қос күреңнің қылпы бөлден.
Оқ бойы келе жатыр жануарлар,
Тазыдай бүктетіліп түлкі көрген.
Қарасын қос күреңнің енді аңғарып,
Еріксіз тынып қалды ел дағдарып.
Екенін кімнің аты біле алмай тұр,
Жын ба әлде келе жатқан елбең қағып?
Сақпының тасындай боп дөңгелене,
Шықпасын жүйрік, шіркін, дөңге неге?!
Көзді ашып-жұмғанынша екі күрең
Ағындап жетіп келді көмбеге де!
Бәйгеден келді деген аты ғана,
Қызғандай өкпіндейді еті жаңа.
«Шақантай! Шақантай!»

– деп ұран салып,

Шырылдап өте шықты екі бала.
«Тәңірі, тілегімді бердің бе?! – деп, –
Қара үзіп, қос күреңім, келдің бе?!» – деп,

Шақантай орынынан түрегелді,
Жатқанын естіген жоқ елдің не деп.

IV

Шақырды атқа шапқан бала кімді?
Біле алмай Шақантайды ел аңырды.
Иесін қос күреңнің сұрастырды
Қақ жарған төрешілер қара қылды.
Бәйгеден аты келген тілегі боп,
Кім білсін, жетім бе әлде тірегі жоқ?
Сұрады атқа шапқан балалардан:
«Иесі жүйріктердің кім еді?» – деп.
Балалар көз жеткізіп аныққа енді,
Жетелеп Шақантайға алып келді.
Қараса он бестегі бозбала екен,
Иесін күреңдердің халық көрді.
«Шақантай!» қандай елдің ұраны?» – деп,
Өзінен Шақантайдың сұрады кеп.
«Шақантай мен едім,

– деп, – жауап берді, –

Бұл аста түскен үйі – тұрағы жоқ!
Қалың ел одан сайын гүлдесті:
«Қаршадай болып алып бұ кім?..» – десті.
Керейлер Шақантайдың жөнін біліп,
Қуанып іштерінен күлімдесті.
Жас бала жарқылдады топты жарып,
Жұлдесін алғанына бек қуанып.
«Шақантай Қожақұлдың жиені екен...»
Деген сөз Қабанбайға жетті барып.
Батыр боп бекер адам жарала ма?
Шақыртты Шақантайды сол арада.
Иіліп Қабанбайға сәлем берді
Иықты, қыран қабақ қара бала.
Ай маңдай құлынындай боз биенің,
Қабанбай тани кетті өз жиенің.
Балаға оң жағынан орын беріп,
Ағытты ұлы батыр сөз тиепін.
Сүйетін туған ұлын шын аймалап,
Ел қамын ер болмаса кім ойламақ?!
Қабанбай көз қиығын тастап қойып,
Отырды Шақантайға сынай қарап.
Тұрпаты танылып тұр ер боп туған,
Ерке емес дыр-думанды ермек қылған.
Ұнады Қабанбайға мына бала,
Қайраты тұла бойын кернеп тұрған.
Көңілге қуаныштың қонды қазы,
Өмірдің жарқырамақ енді жазы.
Бар болған оқиғаны естіп-біліп,
Қабанбай Шақантайға болды разы:
«Білмеймін, құбылады заман қалай,
Емес қой өмір сүру адамға оңай.
Бол, – деді, – бұдан былай өз қасымда,
Артыңа, атыңа да алаңдамай!»
«Қабанбай Шақантайға нағашы екен,
Бірі – жең, бірі – тонның жағасы екен.
Бәйгеден екі бірдей аты келген
Керейдің шынашақтай баласы екен!..»
Дегенді естігенде ер Жәнібек,
Отырды бармақ тістеп, сәлге жүдеп.
Матаққа қатты ренжіп, назаланып:
«Болдық-ау, – деді,
– жұрттай қорғаны жоқ...»
Керейдің қуана алмай жеңісіне,
Сыймады ашуланып терісіне.
Ержүрек жас баланың тапқырлығы
Аңыз боп кете барды ел ішіне...

V

Алса да ит тіршілік балағынан,

Жігіттің қар жаумады қабағынан.
Қасында Қабанбайдың жас Шақантай,
Түледі секілді боп бала қыран.
Батырлар елін қорғап аласұрған,
Тұлпарын белдеуінде таң асырған.
Ол заман біздің қазақ соғыс салып,
Алтайдан ата жауын ары асырған.
Соғысқа талай ерлер қатысыпты,
Қалмақпен шабысыпты, атысыпты.
Айқаста жолбарыстай жауын жайлап,
Жас батыр Шақантайдың аты шықты.
Шақантай тұлғаланып толған екен,
Қасында Қабанбайдың болған екен.
Әкесі тірі кезде наймандағы
Айттырған қалыңдығын алған екен.
Бұл өзі таусылмайтын әңгіме еді,
Сан саққа жүгіртеді әркім оны.
Найманның бір байының сұлу қызы –
Жаңылды айттырғанын ел біледі.
Әлгі бай мың құбылып қызыл желдей,
Арқауы құдалықтың үзілгендей,
Жауғашар өлгеннен соң жетімсініп,
Жүріпті Шақантайға қызын бермей.
Қабанбай кісі салды әлгі байға,
Жалтарып, құтылады енді қайда?
«Ақ бата жасасқаны рас болса,
Жаңылды ұзатсын, – деп, – ендігі айда!
Шет болды сөрттен тайып аруаққа,
Шақантай қайдан шықты – танымап па?
Жаңылдың жасауына қосып және
Мінгізсін жеті қызды шаңыраққа!»
Ақылы айласымен көмкерілген,
Байлардың әдеті ғой ерте күннен.
Сәлемін Қабанбайдың ести сала,
Өп-сәтте аударылып-төңкерілген.
Жан тәтті, түскеннен соң жарлық қатты,
Қабанбай сараң байды жорғалатты.
Жасауы Жаңыл қыздың түгелденіп,
Той өтті дүркіреген салтанатты.
Бай құда жөнге келіп екіжүзді,
Шығарды жомарттықпен атын ізгі.
Айтқаны Қабанбайдың екі қылмай,
Мінгізді шаңыраққа жеті қызды.
Шақантай шықты ойлаған кезеңіне,
Өрт түсті кейбіреудің өзегіне.
Қабанбай ақ батасын берді-дағы,
Жиенін аттандырды өз еліне.

VI

Шын батыр тұра ала ма елім демей,
Елінің ертегі-кеш қамын жемей.
«Шақантай келе жатыр!..» дегенді естіп,
Қарсы алды қаптай шығып қалың керей.
Көл қылып шаттықпенен көңілдерін,
Түсірді оң аяқпен келіндерін.
Қуанып арқа-жарқа Матақ батыр,
Ініден мойындады жеңілгенін.
Деп Матақ той жасады: «Інім келді!..»
Қадірі туыстықтың білінді енді.
Риза боп Шақантай да ағасына,
Әйгілі қос күреңнің бірін берді.
Мерейі Шақантайдың аспандады,
Данқына сүйінбеген дос қалмады.
Әйелдің кеменгері Жаңыл болды,
Тәңірдің өзі тандап қосқан жары.
Адам аз бұл өмірге еркелеген,
Талайды тағдыр, шіркін, желкелеген.
Біріне шаңырақтың мініп келген,
Бар еді ақылды қыз Еңке деген.
Әйелдің барлығынан асты Жаңыл,
Бақытын Шақантайдың ашты Жаңыл.
«Жалғызсың, көбеймесең
болмайды», – деп,
Еңкені өз қолымен қосты Жаңыл!
Жаңылдың ерлігі тек ол емес-ті,
Артынан алты қызды және қосты.

Алғаны көп болмаса осылайша,
Ұрпағы Шақантайдың неден өсті?!
Түсіріп ықыласын Тәңір оған,
Қосыпты сұлуларды Жаңыл оған!
Соңынан бес әйелді тағы әперіп,
Бұтағы қаулап есіп жамыраған!
Шақантай – әрі шешен, әрі батыр,
Тарихын қуа берсең ары жатыр.
Тараған сонау он үш әйелінен,
Бұл күнде қарақұрым халық отыр.
Талайдан Шақантайдың ерлігі асқан,
Тағдырдың сан талқысын көрді жастан.
Бірлік пен берекенің діңгегі боп,
Жан екен елді үстіне елді қосқан!
Батыр боп атана ма тегін кісі,
Кеплеген жортуылдан тебінгісі.
Ақырған арыстандай талай-талай
Алыптан басым түскен оның күші.
Құдайым сәтін ылғи келтіріпті,
Оңынан Шақантайдың жел тұрыпты.
Бойында Аяғөздің жекпе-жекте
Қалмақтың қара дәуін өлтіріпті.
Босамас жаудан жерің жаннан күспей,
Кешегі өткен өмір көрген түстей.
Көк найза, қара шоқпар заманында
Өтіпті ат үтінде ерден түспей.
Таба алмас жоғалтқанын із көрмеген,
Дарыға, сұмдық бар ма біз көрмеген?!
Ерлігі Шақантайдың таусылмайды,
Моншақтай мөлдіретіп тізгенменен...
Бүгінге аңыз оның батырлығы,
Ізінде ғасырлардың жатыр мұңы.
Аруағын осындайда қозғамасақ,
Қазақтың кімге керек ақындығы?!.

VII

Жорықта жолда қалмас жүгі нардың,
Рухы мәңгі сөнбес ұлылардың.
Ұрпағың ұмытпайды, ер Шақантай,
Аузында атың жүрер тілі бардың.
Шұбартау Шұбартау боп жаралғалы,
Керей кеп бұл арадан жер алғалы,
Көрмепті жел жағына ешкім шығып,
Анаңның сені тапқан жоқ арманы!
Өткерді қазақ қанша зіл-заланы,
Шұбартау қалай одан құр қалады?
Жобалай, Байқотан боп, Шақантай боп,
Жатырсың қорғап-қоршап бұл даланы!
Бостандық баянды боп осы келген,
Тұқымың азаймасын есіп-өнген.
Шұбартау топырағында мәңгі өшпейді
Қалған із Өзіңіздің асыл ерден!
Елім деп қабырғасы қайысатын,
Жоқ бүгін Төлеу менен Уәйіс ақын.
Солардың жұртындағы біздер бармыз,
Сескенбей топқа түсіп сайысатын.
Жетеді Шұбартаудан шыққан ұлдар,
Әйгілі Еркеғали, Мұхтарын бар.
Бекен мен Мыңбай, Төлек, Жанұзақтар –
Жартасты жарып өскен түп-тамырлар!
Жұртыңды, ұрпағыңды қолда, баба,
Жар болып жабырқаған кең далаңа!
Тимесе аруағыңның шарапаты,
Дертін Шұбартаудың ем қона ма?
Қолдасан, кем-кетігім толады әлі,
Өріске малым сыймай қорадағы.
Жыртылған жолым қайта жамалады,
Жүдеген елім қайта оңалады.
Желбіреп жас келіннің орамалы,
Өмірге талай ұрпақ келеді әлі.
«Шақантай! Шақантай!» деп шауып өткен,
Бәйгеден көрсем бейімін со баланы!
Ақындар бүгін терең ой кешуде,
Қызыл тіл қызған сайын сөйлесін де.
«Шақантай!
Шақантай!» деп мен де келсем,

«М. МАҒАУИН – ПРОЗА ЖАНРЫНЫҢ НАРҚЫЗЫЛЫ» АТТЫ ОҚЫРМАНДАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

«Оспанқұл Меңаяқұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де өткен XI аудандық Мұхтар Мағауин оқулары – руханиятты ұлықтаған тағылымды іс-шара болды. Ұлттық сөз өнерінің көрнекті өкілі Мұхтар Мағауин мұрасын жас ұрпаққа кеңінен таныту, оның терең ойлы туындылары арқылы әдебиетке деген сүйіспенші-

лікті арттыру – шараның басты мұратына айналды.

Оқулар аясында ұйымдастырылған «М. Мағауин – проза жанрының Нарқызылы» атты оқырмандар конференциясы мазмұнды ой алаңына ұласты. Қазақстанның Халық жазушысы, көрнекті тарихшы әрі фольклортанушының шығармалары жан-жақты

талданып, олардың рухани тереңдігі мен көркемдік қуаты айқын ашылды. Қаламгер туындыларындағы ұлттық болмыс пен тарихи сана, адам жанының иірімдері кеңінен сөз болып, қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.

Шара барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нығыманбекова М.М. өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, әріптестеріне тың серпін берерлік ойлар мен тиімді әдіс-тәсілдер ұсынды. Бұл басқосу ұстаздар үшін тәжірибе алмасудың маңызды алаңына айналып, кәсіби ізденіске жол ашты.

Конференция соңында қатысқан ұстаздарға арнайы сертификаттар табысталып, рухани мазмұнға толы кездесу әсерлі қорытындыланды. Мұхтар Мағауин оқулары – ұлттық әдебиетті ұлықтап, ұрпақ санасына рухани нәр құятын мәні терең шара ретінде есте қалды.



КІТАП ОҚУҒА БІР МИНУТ

21 сәуір 2026 жылы Ақтоғай ауылдық кітапханасында «Кітап оқуға бір минут» атты минутқа оқу сайысы өтті. Кітап – білімнің қайнар көзі. Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Шараға Ақтоғай ауылының №8 орта мектебінің 4-сынып оқушылары қатысты.

Іс-шара аясында «Кітап – біздің досымыз» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушылардың сүйіп оқитын ертегілері, қызықты әңгімелері мен балалар әдебиетінің үздік туындылары кітап сөресіне қойылды.

Сайыс барысында оқушылар бір минут ішінде мәнерлеп оқу шеберліктерін көрсетіп, мәтінді дұрыс әрі түсінікті жеткізуге тырысты. Қатысушылардың оқу жылдамдығы мен дикциясы, дауыс ырғағы мен көркемдік қабілеті бағаланды. Балалар белсенділік танытып, өзара бәсекелестікпен қатар кітапқа деген қызығушылықтарын көрсете білді.

Мұндай іс-шаралар жас ұрпақты кітап оқуға баулып, олардың сөздік қорын дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге үлкен септігін тигізеді.

Г.С.Аукалиева
Ақтоғай ауылдық кітапханасы

ҚҰРМЕТТІ ТҰРҒЫНДАР!

09.06.2026 ж. сағат 11.00-де Абай облысы, Аягөз ауданы, Мадениет ауылы, Б. Тойсарин көшесі, 15 (ауыл әкімдігінің ғимараты) мекен жайы бойынша «Абай облысында ашық әдіспен ақ алтын кен орнында тотыққан кендерді өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспары (Абай облысында күнтізбелік кестені түзету)» әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Қатысушыларды тіркеу 1 сағат бұрын, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі.

Карантин ұзартылған жағдайда белгіленген қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде Zoom платформасы арқылы бейнеконференция түрінде өтеді.

Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/88415624855?pwd=aSTKAY1fAd5YASga3teN0xrDkTaSyX.1>

Конференция сәйкестендіргіші: 884 1562 4855

Құпиясөз: 211944

Конференцияға қосылу туралы сұрақтар бойынша тапсырыс берушіге қоңырау шалыңыз.

Тапсырыс беруші: «ГРК «ТУЗ» ЖШС-і (БСН 140740028588), Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Терешкова көшесі, 32-1, тел. . +7 705 239 9483, e-mail: office@omnimap.org

Құжаттарды әзірлеуші: «АБС-НС» ЖШС, БСН 000540004317, ШҚО, Өскемен қаласы, Новаторов 3/1, 16 н.п., тел.: +7 7751760147, e-mail: abs-ns@mail.ru

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының жұртшылық пен мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электрондық нысанда жіберетін электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі: РММ "Абай облысы бойынша экология департаменті": Семей қ., к-сі. Момышұлы, 19а 2 қабат, ecodep_abai@mail.kz. Жергілікті атқарушы орган: prirodnuyе-resursy-obl.abay@mail.ru, uprip.abay@akimatabai.gov.kz, пошта - Қазақстан Республикасы, абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон 8(777)9556334, 8(747)1830572. Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары жоғарыда

көрсетілген электрондық мекенжайлар бойынша тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Жобалық құжаттама және онлайн қатысуға белсенді сілтеме «Қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі» сайтының <https://hearings.ndbecology.gov.kz>.

«жарияланған тыңдаулар» бөлімінде, сондай-ақ «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kkqol-jetimdі> болады

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша сұратуға болады: электрондық пошта: ainurkizatoва@mail.ru, +7 705 239 9483, e-mail: office@omnimap.org телефон нөмірі бойынша: 87751760147, "АБС-НС" ЖШС, БСН 000540004317, ШҚО, Өскемен қ., Новаторов к-сі 3/1, 16 н.п., тел.: 87751760147, e-mail abs-ns@mail.ru.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ!

09.06.2026 года в 11.00 ч в здании акимата с. Мадениет по адресу: область Абай, Аягөзский район, село Мадениет, улица Б. Тойсарина, 15 пройдут общественные слушания в форме открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие «План горных работ добычи окисленных руд на золоторудном месторождении Туз открытым способом в области Абай (корректировка календарного графика) в области Абай».

Регистрация участников ведется за 1 час при предъявлении документа, удостоверяющего личность. В случае карантина данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн, посредством видео конференции на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us06web.zoom.us/j/88415624855?pwd=aSTKAY1fAd5YASga3teN0xrDkTaSyX.1>

Идентификатор конференции: 884 1562 4855

Код доступа: 211944

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону заказчика.

Заказчик: ТОО «ГРК «ТУЗ» (БИН 140740028588), область Абай, 071412, Аягөзский район, г. Аягөз, ул. Терешковой, 32-1, тел. +7 705 239 9483, e-mail: office@

omnimap.org

Разработчик проектной документации: ТОО «АБС-НС», БИН 000540004317, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Новаторов 3/1, 16 н.п., тел.: +7751760147 e-mail abs-ns@mail.ru.

Электронный адрес и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа областей, городов республиканского значения, столицы, на которые общественность и заинтересованная общественность направляет свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания: территориальное подразделение уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: РГУ «Департамент экологии по области Абай»: г. Семей, ул. Момышұлы, 19а 2 этаж, ecodep_abai@mail.kz, Местный исполнительный орган: prirodnuyе-resursy-obl.abay@mail.ru, uprip.abay@akimatabai.gov.kz, Тел. +7-777-147-52-98. e-mail: почтовый - Республика Казахстан, область Абай, г. Семей, ул. Турлыханова, 30. Телефон 8(777)9556334, 8(747)1830572. Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются не позднее 3-х рабочих дней до даты проведения слушаний по указанным выше электронным адресам.

Проектная документация и активная ссылка на онлайн участие будет доступна на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. в разделе «Опубликованные слушания», а также сайте МИО ГУ «УП-РиРП области Абай» <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: электронная почта ainurkizatoва@mail.ru, office@omnimap.org и по номеру телефона: 87751760147, ТОО «АБС-НС», БИН 000540004317, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Новаторов 3/1, 16 н.п., тел.: 87751760147, e-mail abs-ns@mail.ru.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"ZHARMA PLAZA.KZ" ЖШС төмендегі жобалар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды:

1. Абай облысының Аягөз ауданында Женишке кен көрінісінде

құрамында алтыны бар кендерді барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп. Қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған Лицензия №3288-EL 08.05.2025 ж№

2. Абай облысының Аягөз ауданында Женишке Северное кен көрінісінде құрамында алтыны бар кендерді барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп. Қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған Лицензия №3285-EL 08.05.2025 ж

Әсер ету аумағы: Абай облысы, Аягөз ауданы, Тарбағатай а.о, Малтугел а. (47.7891600 С. Е. 81.319362° ш. б.).

Тыңдау 02.06.2026 ж., 11:00, Абай облысы, Аягөз ауданы, Тарбағатай а.о, Малтугел ауылы, ауылдық мектепте өткізіледі

Жобалық құжаттама пакетімен ndbecology.gov.kz сайтта танысуға болады және жергілікті атқарушы органның сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/about?lang=ru> "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтта, сондай-ақ "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, email: uprip.abay@akimatabai.gov.kz тел: 8 (7222) 354422, 354432 қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады,

"ZHARMA PLAZA.KZ" ЖШС бастамашысы, БСН 241240019693

Мекен-жайы: ҚР, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Боталы к., 26/1 ғимарат, 6 пәтер

Тел.: +77081043894, kalmarik_kas@mail.ru

Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші С. А. Утегенов ЖК болып табылады.

Мекен-жайы: ҚР, Ақтөбе қ., Бөкенбай батыр к-сі, 129д, ҚҚ. 168А, БСН 130940007888.

Анықтама үшін эл.пошта және телефон: Aigul-kz79@mail.ru +77026624010

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференциялар) өткізіледі. Белсенді сілтеме (ZOOM сілтемесі):

<https://us05web.zoom.us/j/88588502423?pwd=Kro0g1QJbmcMSLqHVm08L9yrmBQNk.1>

Конференция идентификаторы: 885 8850 2423

Кіру коды: bgwx8P

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ООО «ZHARMA PLAZA.KZ», сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам:

1. Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки золотосодержащих руд на рудопроявлении Женишке в Аягөзском районе Абайской области. Лицензия на разведку твердых полезных ископаемых №3288-EL от 08.05.2025г

2. Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки золотосодержащих руд на рудопроявлении Женишке Северное в Аягөзском районе Абайской области. Лицензия на разведку твердых полезных ископаемых №3285-EL от 08.05.2025г.

Территория воздействия: область Абай, Аягөзский район, Тарбагатайский с.о, с.Малтугел (47.7891600 с. ш. 81.319362° в. д.).

Слушания будут проведены 02.06.2026 г., 11:00, область Абай, Аягөзский район, Тарбагатайский с.о, с.Малтугел, здание сельской школы

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте [ndbecology.gov.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/about?lang=ru), на сайте местного исполнительного органа <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/about?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте [ndbecology.gov.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/about?lang=ru), а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», email: uprip.abay@akimatabai.gov.kz тел: 8 (7222) 354422; 354432

Инициатор ООО «ZHARMA PLAZA.KZ», БИН: 241240019693

Адрес: РК, г. Астана, район Сарыарка, ул. Боталы, зд.26/1, кв.6

Тел.: +77081043894, kalmarik_kas@mail.ru

Разработчиком экологической документации является ИП Утегенов С.А.

Адрес: РК, г. Актобе, ул. Бокенбай батыра, 129Д, оф. 168А, БИН 130940007888.

Эл. почта и телефон для справок: Aigul-kz79@mail.ru; +77026624010

Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи). Активная ссылка (ссылка в ZOOM):

<https://us05web.zoom.us/j/88588502423?pwd=Kro0g1QJbmtcMSLqHVm08Lt9yrmBQNk.1>

Идентификатор конференции: 885 8850 2423

Код доступа: bgwx8P

ҰСТАЗ ДЕГЕН ҚАЙНАРЫ ҰЛАҒАТТЫҢ

Мұғалім - мәңгілік тұлға, ұлы есім. Ұстаз - ұлы мамандық деген сөздерді жиі айтамыз. Расында, сол ұлы мамандық иелерінің өмір жолына терең үңіліп, іс-әрекетіне зерделей қарасақ, ең алдымен өз мамандығына деген адалдықты, қоғам алдындағы жауапкершілік пен сәби жүректерге деген ізгі сезімді, жаңашылдыққа ұмтылыс пен ұлт мерейін өсірер еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген жанкешті жандардың бейнесін көруге болады.

Осындай саналы ғұмырын білім беру саласына арнаған ұлағатты ұстаздардың бірі Абай облысы, Аягөз ауданы, Мәдениет ауылындағы Е.Рахмадиев атындағы жалпы орта білім беретін мектепте ұзақ жылдар еңбек еткен тағылымды білім қызметкері, білікті өлкетанушы, жоғары санатты тарихшы мұғалім Шымырова Шарипа Есімбекқызы. Ол 1946 жылы 16 мамырда бұрынғы Семей облысы, Шұбартау ауданы, Байқошқар ауылында дүниеге келген. Әкесі Шымыров Есімбек еңбегімен ел құрметіне бөленген Ұлы Отан соғысының ардагері. Ал, анасы Бибіжан Есімбекқызы жүзінен мейірім тегілген, құрмет пен сыйға лайық жан еді. Шарипа Есімбекқызы отбасындағы 8 баланың үлкені, Қалимандай аяулы әжеңі жан жүрегің тербеткен сүйікті ұрпағы.

Мыңдаған шәкірттердің жүрегіне нұр құйып, өнегелі ізбасарлар тәрбиелеген ардақты Шарипа Есімбекқызы жақында сексеннің сеңгіріне шығады. Мерейлі мерекесі қарсаңында қалам тербеуді жөн көрдік.

1968 жылы Алматы Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтын, 1984 жылы Семей педагогикалық институтын тарих пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Байқошқар ауылынан бастайды.

1969 жылдан Мәдениет ауылындағы Е.Рахмадиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде жалғастырып, 40 жыл білім беру саласында ұстаздық қызмет атқарды. Шарипа Есімбекқызының пән мұғалімі, оқу және тәрбие ісінің меңгерушісі, музей жетекшісі, педагог-психолог секілді өткен өмір жолы кезең-кезеңімен ұстаз тұлғасын біртіндеп сомдаған тағылымды жылдар.

Білімді меңгеру және оны басқаларға үйрете білу - ұстаз еңбегінің бір қыры. Шарипа алай жаңашыл ұстаз, білікті басшы, жанашыр, қамқор әріптес ретінде, сондай-ақ, биік адамгершілік қасиетімен, үлкен-кішіге мейірбан мінезімен, ағайын туысқа сыйластығымен, бала жүрегіне жол таба білер шеберлігімен көпке үлгі-өнеге болып, сый-құрметке бөленген жан.

Ұрпақ болашағын ерте ойлаған парасатты ұстаз өлкетану жұмысының білімдік, танымдық, тәрбиелік маңызына жауапкершілікпен, ғылыми тұрғыда қарады. Шығармашылық ізденіс, тынымсыз еңбектің нәтижесінде 1990 жылы Шарипа Есімбекқызының жетекшілігімен мектепке тұңғыш рет талапқа сай бір жүйеге келтірілген «Тарихи өлкетану музейі» ашылды. Тәжірибелі ұстаз музей ашудан шектелмей, музей қорын оқу-тәрбие үрдісіне, мектеп өміріне тиімді енгізудің әдіс-тәсілдерін іздестірді. Оқытушы әдіскер екі оқу бағдарламасының авторы. Біріншісі - «Қазақстан тарихы курсына аймақтық компонентті енгізе отырып оқыту» бағдарламасы. Екіншісі - «Өлкетану материалдарын оқыту» курс бағдарламасы. Сонымен қатар «Аймақтық компонент» классын ашып, әдістемелік орталық құрып, жетекшілік жасады. Шығармашылық топ мүшелері өлкетану деректерін оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіріп, сыныптан тыс жұмыстарға пайдаланды.

Ұстаз тәжірибесі 1991 жылы аудан көлемінде плакат бет болып таратылды. Мақалалары республикалық басылымдарда жарияланды. Педагогикалық оқу, ғылыми-тәжірибелік конференция, курс, байқауларда жүлделі орын иеленіп, аудандық, облыстық, республикалық мақтау қағаздарымен марапатталды.

Қазіргі таңда ұлағатты ұстаздың шәкірттері қоғамның әртүрлі саласында табысты еңбек етіп жүр. Ғалым, ақын, ұстаз, дәрігер, заң қызметкерлері, қарапайым еңбек адамы болып жүрген шәкірттерін әрдайым мақтан етеді.

Қадірменді ұстаз Шарипа Есімбекқызы тек білім беру саласында қызмет жасаумен қатар, ауыл, аудан көлемінде

атқарылған игі істерден қалыс қалмай, басы-қасында жүрді. Ол кісі Мәдениет ауылындағы «Қоғамдық кеңестің» мүшесі, Аналар алқасының төрайымы, ауылда өзі ұйымдастырған «Әжелер» ансамблінің жетекшісі болды. Шет жатқан ауылдың экономикалық, әлеуметтік мәселелері аз болмайтыны белгілі. Сол өзекті мәселелерді ауыл әкімшілігі, ауыл халқымен бірлесе отырып, тиісті сала мамандарының, парламент депутаттары мен өкілетті органдардың алдына ұсыныспен шығып, дұрыс шешім қабылдануына өз үлесін қосып, ел мүддесіне қызмет жасады. Бүгінгі күннің өзінде сүйікті мамандығынан ажыраған жоқ. 2025 жылы Абай облыстық ардагер ұстаздар арасында ұйымдастырылған «Жастарға аманат» байқауына қатысып, жүлделі орынға ие болды. Ұрпақ тәрбиесіне әрқашан сергектікпен қарап, «Аягөз жаңалықтары» газетіне мақалалар беріп отырған белсенді оқырман.

Ардагер ұстаздың еңбегі лайықты бағасын алған. Аудандық, облыстық мақтау қағаздарымен қатар, Қазақ КСР Білім беру Министрлігінің Құрмет грамотасымен, 1991 жылы «Аға мұғалім» атағына ие болды. «ҚР Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің, «Еңбек ардагері» медалінің «Күміс алқа» орденінің, «Аягөздің алтын анасы» (2023жыл) төсбелгісінің иегері.

Ауылдың ардақты ұстазы Шарипа Есімбекқызының отбасының тірегі болған жолдасы Амреев Ералы Әзімханұлымен бірге 6 бала тәрбиелеп өсірді. Ералы Әзімханұлы жоғары білімді маман, білікті басшы, шыншыл, ақкөңіл азамат еді. Тағдырдың жазуымен балаларының қызығын көре алмай өмірден ерте өтті. Балаларының жоғары білімді маман болуын армандаған әке өсиетін ұрпақтары бүгінде орындап отыр. Үлкенге ізетті, кішіге қамқор, туысқа адал, еңбекқор әкенің мінезі балаларына дарыған. Көпке үлгі болар ісімен, ұрпақтарына берген өнегелі тәрбиесімен ел құрметіне бөленген осы жанұядан мықты мамандар, өз ісінің білгірлері шығып отыр.

Ұрпақ жетістігінің мәні-ананың сүті, екеден берілген түзу тәрбиеден деп түсінген дұрыс болар. Тағдыр тауқыметіне мойымаған аналарының еңбегін көзімен



ласында №22 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейінде оқу ісінің меңгерушісі, тәжірибелі басшы, зерттеуші ұстаз. Дана - алғашқы мамандығы есеп-учет саласы болса да, кейіннен педагогикалық жоғары білім алып, әлеуметтік салада ерекше балалармен жұмыс жасап жүр. Алтын - үш бірдей жоғары оқу орнын бітірген маман. Қазіргі уақытта Аягөз аудандық білім бөлімінде аудан психологына жетекшілік жасайтын әдіскер. Құралы - Көркем еңбек пәні мұғалімі, модальер. Қазақтың ұлттық қолөнерін насихаттап жүрген, зерттеуші ұстаз. Өулеттің кенжесі Жанат - екі мамандық иесі педагог-психолог және дефектолог. Қазір Аягөз аудандық «Психологиялық-педагогикалық түзеу» кабинетінің меңгерушісі. Сүйікті әжелерінің ұстаздық жолын немерелері де жалғастырып жүр. Үлкен немересі Раушан - екі шетел тілін меңгерген магистр. Қарлығаш - мектепті «Алтын белгіге», Гумилев атындағы университеті «Қызыл дипломға» бітірген магистр, география маманы. Өз ісіне берік, іскер Айдана - «Айдана

халықтық және эстрадалық би ансамблінің жетекшісі, бастауыш сынып мұғалімі. Ол жетекшілік жасайтын жас бишілер республикалық және халықаралық би байқауларының «Гран при» жүлдегерлері. Апасының тәрбиесіндегі Гүлнат немересі - Семейдегі Шәкәрім университетін ағылшын тілі пәні мұғалімі мамандығы бойынша биыл бітіреді. Аяулы ананың сүйікті немерелері басқа салада да қызмет жасайды. Асқар-ішкі істер органында қызмет жасаса, Ерқанат жеке кәсіпкер болып табысты еңбек ету-



көріп, мектепте білімін, үйде ақылын тыңдаған қыздардың ұстаздық жолды таңдауы табиғи заңдылық сияқты. Нәтижесінде еңбек өтілі «182» жылды құрайтын Әміреөвтер әулетінің ұстаздар династиясы қалыптасып отыр.

Әміреөвтер әулеті «Мерейлі отбасы-2016» байқауында Аягөз ауданы бойынша жеңімпаз болып, облыстық кезеңде Шығыс Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хаты мен заттай сыйлығына ие болды.

2016 жылы Мәдениет ауылының әкімі Б. Мұқашевтің ұйымдастырылуымен ұстаздың 70 жылдық мерей тойы «Игілікті іс» бастамасымен атап өтілді. Сонымен бірге мектептің тарих кабинеті мектеп директоры М.Ғайсин және ұжымның келісімімен Шарипа Есімбекқызының атына берілді. Бұл ұсынысты балалары қолдап, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында тарих кабинетін материалдық тұрғыда жабдықтап берді. Мектеп ұжымы 2016 жылы 20 желтоқсанда «Шарипа Есімбекқызы атындағы Жас тарихшылар» аймақтық олимпиадасын және «Еңбегімен танылған ұстаз-ел құрметтісі» атты мерекелік кеш ұйымдастырып, ұстаз ананың өмірін көпке үлгі етті.

Өнегелі отбасыдан тараған балалардың бәрі жоғары білімді педагог мамандар. Тұңғышы - Қымбат Қарағанды медицина университетінде жұмыс істейді, медицина ғылымының кандидаты, университеттің қоғамдық денсаулық мектебінің қауымдастырылған профессоры. Сымбат - жоғары білімді математика-информатика пәні мұғалімі. Семей қа-

де. Қуандық, Бауыржан таукен инженері. Темірлан Қарағанды политехникалық университетінің, ал Нұрберген Алматы «Қазақ бас сәулет құрылыс» академиясының студенті. Зере, Нұртай, Бексұлтан, Айнара мектептің үздік оқушылары. Әжесінің тәп тәтті шөберелері де өсіп жатыр.

Ұстаздың өнегелі өмір жолы 2024 жылы 12 саланы қамтитын еңбек ардагерлеріне арналған Қазақстанның «Алтын кітабы» энциклопедиясына, «Ұлағат жолы» атты Аягөз аудандық ардагер-ұстаздарға арналған кітапқа, 2026 жылы Жастарға арналған аманат хаты Абай облыстық ардагер-ұстаз кеңесінің ұйымдастыруымен «Ұрпаққа аманат», «Ұстаздар мұрасы: ұрпаққа арналған хаттар» жинағына басылып шықты.

Жарты ғасырға жуық өмірін білім саласына арнаған ұлағатты ұстаз Шарипа Есімбекқызының тау шөксе де аласармайтын адамдық болмысы, елі үшін атқарған игі істері ел есінде алтын әріппен жазылып, шәкірт тәрбиесіне сіңірген еңбегі кейінгі ұрпаққа өнеге болып қалары хақ.

Мұғалім мектептің жүрегі, шәкірттің шырағын жағушы жалын иесі. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, ұстаздық мәртебелі мамандық десек жалған айтпаған боламыз. Себебі хан да, қарапайым адам да мұғалім мектебінен өтіп, өмірге жолдама алады.

Мамандығын мақтаншымы деп білген ардақты Шарипа Есімбекқызына біз жарық дүниедегі барлық жақсылықтарды тілейміз. Мерейлі мерей тойыңыз құтты болсын.

Ермек Тұрсынұлы

САЛЬМОНЕЛЕЗ ЖҰҚПАЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Сальмонеллез – бұл асқазан-ішек жолына әсер ететін жедел жұқпалы ауру. Инфекцияның қоздырғыштары сальмонеллалар тұқымдасына жататын микроорганизмдер болып табылады. Инфекция көзі ауру адам немесе үй жануарлары, сондай-ақ бактерия тасымалдаушылар болып табылады. Адам инфекцияны науқаспен байланыста болған кезде немесе сальмонелламен залалданған тағамдарды жеген кезде (негізінен жұмыртқа, құс еті, сүт өнімдері, сондай-ақ көңмен ластанған көкөністер мен жемістер) жұқтырады. Бала үшін көбінесе инфекция көзі оған қамқорлық жасайтын және тамақ дайындайтын анасы болып табылады. Аурудың инкубациялық кезеңі 6 сағаттан 3 күнге дейін құрайды. Сальмонеллездің клиникалық белгілері іштің қатты ауырсынуымен, дене қызуының көтерілуімен, диареямен, жүрек айнуымен және құсумен сипатталады.

Өзіңізді сальмонеллезден қалай қорғауға болады?

1. Дәретханаға барғаннан кейін және тамақтанар алдында қолыңызды сабынмен мұқият жуыңыз;
2. Тез бұзылатын өнімдерді сақтау шарттарын қатаң сақтаңыз;
3. Шикі тағамдар мен дайын тағамдарды бөлек сақтаңыз;
4. Рұқсат етілмеген сауда орындарынан ет, ет өнімдерін, құс етін, жұмыртқаны, сүт өнімдерін сатып алмаңыз;
5. Жартылай шикі тағамдарды жеуге болмайды, ет тағамдары мен құс тағамдарын дайындау кезінде температура режимін сақтаңыз;



6. Дүкеннен әкелгеннен кейін жемістерді, көкөністерді, қарбыздар мен қауындарды, сондай-ақ тауық жұмыртқаларын ағынды судың астында мұқият жуыңыз;

7. Ас үй ыдыстарын мұқият жуып, қайнаған суға батырыңыз.

Балалар арасында, әсіресе өмірінің бірінші жылында аурудың алдын алуға ерекше назар аудару қажет. Бұл ретте, аналар дәрігерлердің балаларды күту және тамақтандыру жөніндегі ұсынымдарын мүлтіксіз орындауы керек, жеке гигиена ережелерін сақтауға, еміздікті, ойыншықтарды, ыдыс-аяқты және басқа да тұрмыстық заттарды дұрыс өңдеуге назар аударуы қажет. Аралас және жасанды тамақтандырылатын 2 жасқа дейінгі балаларды алдын ала термиялық өңделген жеке бөтелкеден тамақтандыру қажет. Еміздіктерді таза ұстау, зарарсыздандыру және арнайы ыдыста сақтау керек, ересектердің еміздіктерді ауызға салуына қатаң тыйым салынады. Дайын қоспаларды пісіргеннен кейін бірден қолдану қажет, қоспалардың, пюрениң және басқа да дайын тамақ өнімдерінің қалдықтарын қайта пайдалану үшін сақтауға қалдыруға болмайды.

Аягөз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының эпидемиологтары сальмонеллездің белгілері пайда болған жағдайда өзін-өзі емдеуге болмайтынын, дер кезінде медициналық көмекке жүгіну керектігін еске салады!

Аягөз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы Бейсембекова Айгерім Серікқызы

ҮЗДІК ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ-2026



Өртүрлі әлеуметтік-мәдени ортада балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырушы маман бар ол - әлеуметтік педагог. Әлеуметтік педагог жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен оның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, мінез-құлығындағы ауытқуды анықтай отырып, оны қоршаған микроортаны зерттейді және балаға уақытында әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді.

Жақында білім беру мекемелерінің әлеуметтік педагогтері арасында «№3 жалпы орта білім беретін аралас мектебі» КММ базасында «Үздік әлеуметтік педагог-2026» байқауы өтті. Байқауға ауданнан 10 мектептің әлеуметтік педагогтері қатысып, өз тәжірибелерін ортаға салды. Қатысушылар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары мен жобалары аясында өздерінің авторлық жобаларымен таныстырып, жағдаятты кейстерге жауап берді. Байқауда I орын №1 жалпы орта білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогі Кенжеғазина Ажар Дарханқызы иеленіп, облысқа жолдама алды.

Самал Серікқазиева

«ЖАС ЖОЛ ИНСПЕКТОРЛАРЫ» БАЙҚАУЫ ӨТТІ

2026 жылдың 22 сәуір күні «Жас жол инспекторлары» байқауының аудандық кезеңі өтті. Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу жөніндегі жұмысты жетілдіру, балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу проблемаларына мүдделі ведомстволардың, жұртшылықтың назарын аудару.

Байқауда 1-орын алып облыстық кезеңге жолдама алған «Мектеп жанындағы интернаты бар жалпы орта білім беретін №6 мектебі» КММ-нің «Бағдаршам» командасы болды.

Алдағы уақытта аудан намысын аймақта қорғайтын командаға сәттілік ті-

лейміз.

Бала адам өмірінің жалғасы. Бала біздің болашағымыз. Бала қуатты мемлекеттің тұғырлы тіректері.

Барымыз да, нарымыз да болған балаларымыздың амандығы мен денсаулығы үшін тәртіп пен заңдылықтарды әр уақытта айтып отыруы ұмытпайық.

Самал Серікқазиева



МАРАПАТ КӨРСЕТІЛДІ

Аягөз аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Абдурев Қанағат Советұлы «Сайлау органдары жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды.

Сонымен қатар, Аумақтық сайлау комиссиясы



төрағасының орынбасары Арайлым Кенжебекқызы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғысына ие болды.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының бастамасын қолдап, жаңа Конституция жобасы бойынша 2026 жылғы 15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумды ұйымдастыру және өткізу барысында белсенділік танытқан Аягөз ауданының бірқатар сайлау учаскелерінің мүшелері облыстық сайлау комиссияларының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Аталған марапаттарды Аягөз аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Оразбек Ермек Бауржанұлы салтанатты түрде табыстап, құттықтау сөз сөйледі.

Сайлау жүйесінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету жолындағы еңбектеріңіз ел дамуына қосылған маңызды үлес екені сөзсіз.

Барша марапат иелерін шын жүректен құттықтаймыз!

Еңбектеріңіз әрдайым еленіп, абыройларыңыз арта берсін!

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»: АБАЙ ОБЛЫСЫНДА 224 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ

Абай облысы құрылған сәттен бастап 2022–2025 жылдар аралығында «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында жалпы құны 25,6 млрд теңгені құрайтын 224 жоба іске асырылды. Оның ішінде 14 жаңа нысан салынса, 28 нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 182 жоба ағымдағы жөндеу және жаңғырту бағытында жүзеге асырылды.

Жоба аясында әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Білім беру саласында Мақаншы ауылында 140 орындық балабақша салынды. Сонымен қатар 14 мектеп пен 1 балабақшаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Спорт саласында Ақсуат және Бородулиха ауылдарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері бой көтерді. Таскескен ауылында спорттық модуль, Көпекті ауылында бассейн, Петропавловка ауылында спорттық-демалыс орталығы салынды. Ақсуат ауылындағы орталық стадион қайта жаңғыртылып, 11 спорт алаңы орнатылды.

Денсаулық сақтау саласында Қаратұма, Мақаншы және Үржар ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар салынды. Бұдан бөлек, 6 денсаулық сақтау нысанына күрделі жөндеу жүргізілді.

Мәдениет саласында Камышенка және Жоғары Егінсу ауылдарында 100 орындық ауылдық клубтар салынды. Приречное ауылындағы мәдениет үйі қайта жаңғыртылып, 5 мәдениет нысаны күрделі жөндеуден өтті.

Әлеуметтік қолдау бағытында Қарауыл ауылындағы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы қайта жаңартылды. Ақжар ауылындағы осы бағыттағы орталыққа да күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында жалпы ұзындығы 266,4 шақырым жол орташа жөндеуден өтті. 65 елді мекенде көше жарықтандыру жүйесі орнатылды. Қарауыл ауылында 2023 жылы жылумен жабдықтау жүйесіне күрделі жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар Бородулиха, Мақаншы, Ақжар және Үржар ауылдарында сыртқы инженерлік желілердің құрылысы аяқталды.

Аталған жобалардың нәтижесінде 4 жыл ішінде 607 жаңа жұмыс орны құрылды. Оның ішінде 70-і тұрақты, 537-сі уақытша жұмыс орындары болып табылады.

Жалпы алғанда, жүргізілген жұмыстар ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын жаңғыртып, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталды.



ҚОНЫС АУДАРУ - ЖАҢА МҮМКІНДІК: АЯГӨЗ ҚАЛАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАН ОТБАСЫ

Қабдрахманов Рауан Болатұлы Астана қаласынан Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласына отбасымен бірге ерікті түрде қоныс аударды. Отбасында 5 адам бар.

Рауан Болатұлы Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетін «Құрылыс» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Отбасы қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілу үшін өтініш беріп, 2025 жылғы 19 тамызда комиссияның оң шешімін алды.

Мемлекеттік қолдау аясында отбасының әр мүшесіне көшу шығындарын өтеу үшін 70 АЕК (275 240 теңге) мөлшерінде қаржы төленді. Сонымен қатар, 4 561 120 теңге көлемінде экономикалық ұтқырлық сертификаты беріліп, Аягөз қаласынан баспанамен қамтамасыз етілді.

2025 жылдың қыркүйек айында Рауан Болатұлы Аягөз қаласындағы ҚР Қорғаныс министрлігінің «25-жол пайдалану учаскесі» мемлекеттік мекемесіне жұмыс өндіруші лауазымына жұмысқа орналасты.

Қазіргі таңда отбасы төрт қыз тәрбиелеп отыр.

Рауан Болатұлының айтуынша:

«Біз Аягөз қаласына көшу туралы қабылдаған шешімімізге дән ризамыз. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау — жұмысқа орналасу мен материалдық көмек — біз үшін үлкен мүмкіндік болды. Қазіргі тұрмыс жағдайымыз көңілімізден шығарды»,- дейді.



ТҰРҒЫНДАРҒА СУ ТАСҚЫНЫ БОЛҒАН ЖАҒДАЙҒА АРНАЛҒАН ЖАДНАМА



ҚАУІПТІ ФАКТОРЛАР

- Су деңгейінің тез көтерілуі және маңындағы елді мекендерге жайылуы, қатты жауған жауын (қардың), қардың жылдам еруінен, сонымен қатар плотиналардың жарып өту салдары тұрғындар үшін үлкен қауіп тудырады.
- Су тасқынының салдары орталықтанған және орталықтандырылмаған су көздері ауыз суының ластануы, халық арасында сумен таралатын инфекциялардың туындауы болып табылады.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӘРЕКЕТІ Су басу алдында (үйлерді су басу қаупі):

- Ауланы уақытында қардан тазалау керек, жиналған қоқыстан аумақты тазалауды ескертеміз,
- Ауладағы қоқыстарды қора-қопсы және қоғамдық әжетханаларды сыпырып тазалауға, сонымен қатар дезинфекциялық заттармен зарарсыздандыру қажет;
- Шаруашылық құрылыстарды, жертелелерді сумен басудан сақтау керек, судың ағып кету жолдарын қазып, арықтардың қоқыспен ластануынан тазалау керек;
- Құдықтарды қақпақтармен жабдықтау, шегендерді түзетілген қалыпта ұстау керек;

- Аумақ пен құрылыстардың жатын аумағын таза ұстауды міндетті түрде қамтамасыз ету керек;
- Ауыз су сақтауға арналған ыдыстар қарастырылсын.

Су басу басталуы туралы жарияланған кезде:

- Құдықтар мен су құбырлары жұмыс істемеген жағдайда, ауыз судың қорын дайындап алу керек;
- Қолдың жеке гигиенасын сақтап, қайнатылған, немесе бөтелкедегі суды пайдалану керек.

Су басқаннан кейін:

- Тасқын суларда қалған азық түлікті пайдалануға болмайды;
- Тасқын сулармен ластанған су құбырларының және құдықтардың суын зертханалық тексеру қортындысы белгілі болғанша ауыз су мақсатында тұтынудың болмайды.
- Ауыз су құдықтарын лас суды шығару арқылы тазалау керек.

Аягөз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы
Ахаева Лязат Сатыбалдықызы

ҚОҚЫСТЫ ЖАҒУ-ӨРТ ПАЙДА БОЛУ ҚАТЕРІ

Көктем кезеңінде елді мекендер аумағында құрғақ шөп пен қоқыстың тұтануы жағдайларының саны айтарлықтай артып келеді. Осындай жағдайлар әдетте қоқысты үйіндеу және жағу кезіндегі талаптарды бұзу салдарынан туындайды. Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігі Ережелерінің талаптарына сәйкес қоқысты жағу тек ашық аумақтарда желсіз күндерде әр-түрлі ғимараттар, құрылымдар және сақталған материалдардан 50 метр қашықтықта және алғашқы өрт сөндіру құралдары (өрт сөндіргіш, су) бар болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Қоқыс жағылатын алаң құрғақ шөп пен жапырақтардан тазалануы керек. Қоқыс тек күндізгі уақытта, тұрақты бақылау болған жағдайда ғана жағылуы қажет. Қоқыс жағылғаннан кейін отқа су құйылып мұқият өшірілуі тиіс. Өшірілмеген отты қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Көбінесе азаматтар жоғарыда баяндалған ережелер талаптарына назар аудармайды, бұл нәтижесінде өртке себеп болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 410 бабына сәйкес өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды үйіндеу және жағу кезінде өрт қауіпсіздігінің талаптарын бұзғаны үшін азаматтар мен лауазымды тұлғаларға қатысты айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілік қарастырылады.

жауапкершілік қарастырылады.

Ережелерді білмеу жауапкершіліктен босатпайтын ұмытпаңыз!!!

Әкімшілік кодекстің 336-бап. Қалдықтарды жинап қою немесе жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Аягөз қаласында 2023 жылдың алғанда осы бап бойынша жеті әкімшілік хаттама толтырылды.

2024 жылды қарасақ он әкімшілік хаттама екі ескерту толтырылды.

2025 жылы бес ескерту және жеті хаттама толықтырылды.

Аягөз ауданы ТЖ бөлімі
М.Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының 4-курс сержанты Д.Б. Бакенбаев

НЕКЕ ҚИЮДЫ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ БОЛУДЫ)

МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТӘРТІБІ СОНЫМЕН

ҚАТАР ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

АЗАМАТТАРЫНЫҢ ШЕТЕЛДІКТЕРМЕН

НЕМЕСЕ АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРМЕН

НЕКЕ ҚИЮЫН (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ БОЛУЫН)

МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

Жоғарыда көрсетілген қызметті берушіге жүгінген кезде:

1. Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш,
2. Жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат
3. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу қызметтері үшін төлемді растайтын құжат

Шетелдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар қосымша:

1. Некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтама (апостоль қойылған/зандастырылған, орыс немесе мемлекеттік тілге аудармасы бар); Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын ұсынады.
2. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлға азаматтығы жоқ адамның куәлігін ұсынады.
3. Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға азаматы болып табылатын елдің немесе азаматтығы жоқ тұлғаның тұрақты тұратын мемлекетінің құзыретті органдары берген оның жеке басын куәландыратын құжатты және олардың мәтінінің қазақ немесе орыс тіліндегі нотариат куәландырген аудармасын ұсынады. Шетелдіктің, азаматтығы жоқ тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттар мәтінінің аудармасының дұрыстығы шетел азаматы болып табылатын мемлекеттік немесе азаматтығы жоқ тұлға тұрақты тұратын мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінде немесе консулдық мекемесінде не сыртқы саяси ведомствосында куәландырылуы мүмкін. Жеке басты куәландыратын құжаттарды ұсынумен қатар, олардың мәтінінің мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы ұсынады. Қажет болған жағдайда – өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органынан некеге (ерлі-зайыпты болуға) рұқсат.

Заңнамада белгіленген некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу мерзімін қысқарту немесе ұзарту қажет болған кезде мерзімді қысқарту негіздерін растайтын құжат қосымша ұсынылады:

- Жүктілік туралы дәрігерлік-біліктілік комиссияның анықтамасы, денсаулық жағдайы туралы анықтама, басқа да ерекше жағдайларды растайтын анықтамалар.

Неке (ерлі-зайыптылық) заңнамада белгіленген жасын төмендету қажет болған жағдайда қосымша ұсынылады:

1. Неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтініш
2. Белгіленген неке жасын төмендету қажеттігін растайтын құжаттар: жүктілік туралы дәрігерлік-біліктілік комиссиясының анықтамасы немесе ортақ баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер;
3. Неке (ерлі-зайыптылық) жасына жетпеген некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың заңды өкілдерінің келісімі;
4. Заңды өкілдердің өкілеттігін растайтын құжаттар туралы мәліметтер.

Алдыңғы некелер (ерлі-зайыптылық) болған кезде деректерді тексеру үшін некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу немесе жұбайының (зайыбының) қайтыс болу туралы мәліметтер беріледі.

АХАТ бөлімінің басшысы
Сұлтан Шынар Бектұрсынқызы



СЖИГАНИЕ МУСОРА – РИСК ВОЗНИКНОВЕНИЯ ПОЖАРА

В весенний период на территории населённых пунктов значительно увеличивается количество случаев возгорания сухой травы и мусора. Такие ситуации, как правило, возникают из-за нарушения требований при складировании и сжигании мусора.

Согласно требованиям Правил пожарной безопасности Республики Казахстан, сжигание мусора разрешается только на открытых территориях в безветренную погоду, на расстоянии не менее 50 метров от различных зданий, сооружений и складированных материалов, а также при наличии первичных средств пожаротушения (огнетушитель, вода).

Площадка для сжигания мусора должна быть очищена от сухой травы и листьев. Сжигание мусора допускается только в дневное время и при постоянном контроле. После завершения сжигания огонь необходимо тщательно залить водой и полностью потушить. Запрещается оставлять непотушенный огонь без присмотра.

Зачастую граждане не обращают внимания на вышеуказанные требования, что в итоге может привести к возникновению пожара.

В соответствии со статьёй 410 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях», за нарушение требований пожарной безопасности при складировании и сжигании промышленных и бытовых отходов

для граждан и должностных лиц предусмотрена административная ответственность в виде штрафа.

Помните, что незнание правил не освобождает от ответственности!!!

Статья 336 Административного кодекса. Несоблюдение требований по охране атмосферного воздуха и пожарной безопасности при складировании или сжигании отходов

- влечёт наложение штрафа:**
 - на физических лиц — в размере двадцати месячных расчётных показателей (МРП),
 - на должностных лиц — пятидесяти МРП,
 - на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации — двухсот МРП,
 - на субъектов среднего предпринимательства — трёхсот МРП,
 - на субъектов крупного предпринимательства — пятисот МРП.

Аягөз ауданы ТЖ бөлімі
М.Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының 4-курс сержанты Д.Б. Бакенбаев

ВОЛЕЙБОЛДАН АШЫҚ БІРІНШІЛІК

17-18 сәуір аралығында волейболдан 2010-2011 ж.т. жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында Аягөз ауданының ашық біріншілігі өтті. Жарысқа қатысқан командалар: Ақши орта мектебі, Ақшатау орта мектебі, Тарбағатай орта мектебі, Мыңбұлақ орта мектебі, Сарыарқа орта мектебі, Ғаббасов орта мектебі, №3 орта мектеп, №7 орта мектеп, № 1 орта мектеп, № 5 орта мектеп, Гимназия, Бозтаев, Лицей, № 10 гимназия, № 4 орта мектеп командалары қатысып төмендегідей нәтижеге қол жеткізді:

2010-2011 ж.т. жасөспірім ұлдар арасында:

I-орын Нұғыманов орта мектебі
II-орын Рахмадиев орта мектебі
III-орын Гимназия
Үздік ойыншы Тұрарбек Жантөре, Қасымбаев Айсұлтан (Нұғыманов орта мектебі)

Үздік қорғаушы Қыдырхан Дархан (Рахмадиев орта мектебі)
Үздік үйлестіруші Қайыргеді Әділет (Гимназия)

2010-2011 ж.т. жасөспірім қыздар арасында жарысқа қатысқан командалар №2 орта мектеп, №11 орта мектеп, №3 орта мектеп, Лицей, Бозтаев, №10 гимназия, №1 орта мектеп, Ғаббасов, №7 орта мектеп, №5 орта мектеп, №6 орта мектеп мектептерінен командалар қатысып төмендегідей нәтижеге қол жеткізді:



I-орын Лицей
II-орын №10 Гимназия
III-орын № 7 орта мектеп
Үздік ойыншы Накишева Аяулым (Лицей)
Үздік қорғаушы Советханова Дана (№ 7 орта мектеп)
Үздік шабуылшы Салимова Дана (Лицей)
Үздік үйлестіруші Оралбек Каусар (№ 10 гимназия)

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ НЕН ЖАРЫС ӨТТІ

16-18 сәуір аралығында Көкпекті ауылында қазақ күресінен 2012-2013 ж.т. кіші жасөспірімдер арасындағы «Амантай Қазымовты» еске алуға арналған облыстық ашық турнир өтті. Аягөз спорт мектебінен спортшылар қатысып төмендегідей нәтижеге қол жеткізді:

29 келі салмақ дәрежесінде:
I-орын Макишев Алихан (жаттықтырушысы: М. Жанатаев)
32 келі салмақ дәрежесінде:
III-орын Заманбек Нұрбол (жаттықтырушысы: М. Мұхамдиев)
38 келі салмақ дәрежесінде:
III-орын Болат Бекжан (жаттықтырушысы: Е. Шуақбаев)
50 келі салмақ дәрежесінде:
II-орын Қабидолла Әділ (жаттықтырушысы: Қ. Болекпаев)
55 келі салмақ дәрежесінде:
II-орын Құбылтай Ерқанат (жаттықтырушысы: М. Мұхамдиев)
65 келі салмақ дәрежесінде:
III-орын Талғатбек Ералы (жаттықтырушысы: М. Мұхамдиев)
+65 келі салмақ дәрежесінде:
II-орын Слямбек Бағлан (жаттықтырушысы: Қ. Болекпаев)
Аягөз спорт мектебі командалық есепте III-орын орынға ие болды.

**АРДАҚТЫ КЛАСТАСЫМЫЗ
МҰСЫРМАН БАУЫРЖАН ҚАБЖАНҰЛЫН
ЕСКЕ АЛАМЫЗ**

Тай-құлындай тебісіп бірге өскен Баукеш досымыз ортамызда болса сәуірдің 22 күні туған күнін кластастар ортасында тойлар еді. Быыл өмірден өткеніне де 9 жыл болды. Ардақты азамат, сыйлас досымыз мәңгі біздің жүрегімізде.

Жан-жары аман болып, ұрпағы өсіп-өркендей берсін.

Сарыарқа ауылының 1969 жылғы азаматтары, достары, кластастары.

**ЖЫЛДЫҚ АСҚА ШАҚЫРУ**

Анашым шаңыраққа болдың пана,
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не, жоқсың бүгін ортамызда,
Сағындық, ана, сізді баршамыз да.

Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жаран, көршілер және анамыздың көзін көрген барша жамағат! Сіздерді асыл әже, аяулы анамыз **Уәлиқызы Нағиманың рухына бағышталған жылдық асына шақырамыз.**

Өтетін күні: 02 мамыр 2026 жыл, сағат 12:00.

Мекен-жайымыз: Аягөз ауданы, Тарлаулы (Таңсық) ауылы «Мариям» тойханасы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті **Буркутова Дидар Айкыновна!**

Сізді мерейлі 30 жасыңызбен құттықтаймыз!

Күліп жүргін әрқашанда жадырап,
Бақыт құсы қонсын саған самғап – ақ.

Отыз жасың – жаңа белес, жаңа жол,
Тек жақсылық тілейміз біз саған!

Ізгі тілекпен:
№5 орта мектеп ұжымы және кәсіподақ ұйымы

**ДЗЮДОДАН АШЫҚ ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ӨТТІ**

лыстық турнир өтті. Жарысқа Семей, Үшарал, Достық, Үржар, Қарауыл, Жарбұлақ, Мақаншы. Аягөз спорт мектебінен барған командалар қатысып. Біздің өңірден 14 спортшы қатысып төмендегідей нәтижеге қол жеткізді:

44 келі салмақ дәрежесінде:
III-орын Нұрмақова Ақнұр (жаттықтырушысы: Қ. Болекпаев)
52 келі салмақ дәрежесінде:
I-орын Айтқазина Ақниет (жаттықтырушысы: Е. Шуақбаев)
II-орын Оралбек Томирис (жаттықтырушысы: Қ. Болекпаев)
63 келі салмақ дәрежесінде:
I-орын Батырхан Каусар (жаттықтырушысы: Қ. Болекпаев) +73 келі салмақ дәрежесінде: Слямбек Бағлан (жаттықтырушысы: Қ. Болекпаев)

Сәуір айының 20-22 аралығында Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылында дзюдодан 2012-2013 ж.т. кіші жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында «қазақ күресінен Қаз ССР-дің спорт шебері Чармұхаметов Болат Жұматайұлын» еске алуға арналған ашық об-

ЖЫЛДЫҚ АСҚА ШАҚЫРУ

Қоштасып бізден мәңгі кеткеніңе,
Рухыңа бас иіп еске аламыз.
Амал бар ма тағдырдың өткеліне,
Арамызда жоқтығыңды білсек те,
Келетіндей арманменен сан үміт.
Алла салды басымызға сынақты,
Күрсіндірді қайғы берді жылатты.
Қайғысы мен қызығы мол өмір-ай.
Бірде көтеріп бірде жығып құлатты.
Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, әріптестер, достар, көршілер, көз көргендер, бізді, біздің әулетті танитын, сыйлайтын барша жамағат Сіздерді

**СЫДЫҚОВ ТҰРСЫНБЕКТИҢ
1 ЖЫЛДЫҚ АСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ.**

Ас: 2026 жыл, 1 мамыр күні сағат 12-00 де БАТЫР мейрамханасында болады.

Еске алушылар: жұбайы, қарындастары, күйеу балалары, қыздары, немерелері, жиендері.

**АСҚА ШАҚЫРАМЫЗ**

Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жаран, көрші-қолаң, құрдастар, ұжымдастар, Анамыз бен ағайымыздың көзін көрген барша жамағат!

Ардақты да, аяулы ата-анама,
Әкеміз Бәкейұлы Әндірхан 58 жыл,
Анамыз Қойланқызы Мүгілсім 20 жыл

Ағатайымыз Әндірханұлы Оралбектің жылдық асына шақырамыз.
Ағатайым Оралбек, биік тұрар шоқтығын,

Дәл өзіндей бізге қамқор бопты кім?
Аяулы ата-анамыз дүниеден озғанда,
Білдірмедің олардың жоқтығын.
Ас беретін күні: 10 май 2026 жылы сағат 12:00

Мекен-жайымыз: Аякоз қаласы, Ақтамберді көшесі 4 үй, «Ұлытау» мейрамханасы

Ас беруші: Бакеевтар әулеті



“Аягөз жаңалықтары”
аудандық газеті”
ЖШС

Директор -
Бас редактор
Е.Дайырбаев

Мекен-жайымыз: Аягөз қаласы,
Х.Дүісенов, 104.

Газеттегі
авторлық пікірлер
редакциянікімен
сөйкес келмеуі
мүмкін

**Телефондар:**

Жауапты хатшы:
3-22-01

e-mail:
ayagoz.zhanalyktary@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі.
Ақпарат комитеті 2021 жылы
4 ақпанда берген тіркеу куәлік
№ KZ44VPY00032023
Газет аптасына 1 рет шығады А3
форматына (420x297 мм)
теңестірілген 3 баспа табақ

Газет “Дом Печати”
ЖШС баспаханасында
басылды. 070002. Павлодар қ.,
Астана көшесі 143

Таралымы 1076 дана.
Тапсырыс № 497